

ISSN 2411-8745 (Print)
ISSN 2709-9245 (Online)

АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР
ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ УНИВЕРСИТЕТІ

ХАБАРШЫСЫ

«ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ» СЕРИЯСЫ

ИЗВЕСТИЯ
КАЗАХСКОГО УНИВЕРСИТЕТА
МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ И
МИРОВЫХ ЯЗЫКОВ ИМЕНИ АБЫЛАЙ ХАНА

СЕРИЯ «ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ»

BULLETIN
OF KAZAKH ABLAI KHAN UNIVERSITY OF
INTERNATIONAL RELATIONS AND
WORLD LANGUAGES

SERIES "PHILOLOGICAL SCIENCES"



ISSN 2411-8745 (Print)
ISSN 2709-9245 (Online)



3 (66) 2022

АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ
ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ И
МИРОВЫХ ЯЗЫКОВ ИМЕНИ АБЫЛАЙ ХАНА

KAZAKH ABLAI KHAN UNIVERSITY OF INTERNATIONAL RELATIONS
AND WORLD LANGUAGES

3 (66) 2022

ISSN 2411-8745 (Print)

ISSN 2709-9245 (Online)

Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ

ХАБАРШЫСЫ

“ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ” сериясы

ИЗВЕСТИЯ

КазУМОиМЯ имени Абылай хана
серия “ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ”

BULLETIN

of Ablai Khan KazUIRandWL
Series “PHILOLOGICAL SCIENCES”

Алматы
«Полилингва» баспасы
2022

© “Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті” Акционерлік қоғамының “Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ Хабаршысы-Известия” ғылыми журналының “Филология ғылымдары” сериясы таралымы, Қазақстан Республикасының Инвестициялар мен даму жөніндегі министрліктің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркелген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі № 674, 18.05.1999 ж. Тіркелу күәлігі 10.04.2015 жылғы № 15194-Ж

Бас редактор

Құнанбаева С.С., филология ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА-ның академигі, Алматы, Қазақстан

Жауапты редактор

Тойшыбаева Г.К., филология ғылымдарының кандидаты,
Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, Алматы, Қазақстан

Редакция алқасының мүшелері

Рысалды Қ.Т., филология ғылымдарының докторы, профессор,
Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, Алматы, Қазақстан

Ахатова Б.А., филология ғылымдарының докторы, профессор,
Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, Алматы, Қазақстан

Загидуллина А.А., филология ғылымдарының докторы, профессор,
Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, Алматы, Қазақстан

Мизамхан Б.С., филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, Алматы, Қазақстан

Кәрібаева Б.Е., PhD, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ,
Алматы, Қазақстан

Сәтенова С.К., филология ғылымдарының докторы, профессор,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан,
Қазақстан

Дүйсекова К.К., филология ғылымдарының докторы,
профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Солдатенкова Т., филология ғылымдарының докторы, профессор,
Лёвен католикалық университеті, Лёвен, Бельгия

Красных В.В., филология ғылымдарының докторы, профессор,
М.В.Ломоносов атындағы ММУ, Мәскеу, Ресей

Карасик В.И., филология ғылымдарының докторы, профессор,
Волгоград мемлекеттік техникалық университеті, Ресей

Оулдфильд Анна, PhD, профессор, Костол- Каролина,
Калифорния, АҚШ

Шығарушы редактор

Амангожаева Е.Б., жетекші маман, Абылай хан атындағы
ҚазХҚжӘнеӘТУ, Алматы, Қазақстан

Philology.bulletin@ablaikhan.kz

© Scientific Journal "Bulletin of Kazakh Ablai khan University of International Relations and World Languages". Series "Philological sciences" of JSC "Kazakh Ablai khan University of International Relations and World Languages" is registered in Communication, Informatization and Information Committee of the Ministry on Investment and Development, Republic of Kazakhstan. Number and date of first registration №674, from 18.05.1999. Certificate N 15194 – G, 10.04.2015.

Editor in chief

Kunanbayeva S.S., Doctor of Philological Sciences, Professor,
Academician of the National Academy of Sciences of the RK,
Almaty, Kazakhstan

Executive Editor

Toishibaeva G.K., Candidate of Philology, KazUIR & WL named after
Ablai Khan, Almaty, Kazakhstan

Editorial board members

Rysaldy K.T., Doctor of Philology, Professor, Ablai khan KazUILandWL,
Almaty, Kazakhstan

Akhatova B.A., Doctor of Philology, Professor, Ablai khan
KazUILandWL, Almaty, Kazakhstan

Zagidullina A.A., Doctor of Philology, Professor, Ablai khan
KazUILandWL, Almaty, Kazakhstan

Mizamkhan B., Candidate of Philology, Ablai khan KazUILandWL,
Almaty, Kazakhstan

Karibaeva B.E., PhD, Ablai khan KazUILandWL, Almaty, Kazakhstan

Satenova S.K., Doctor of Philology, Professor, Eurasian National
University named after L.N. Gumilyov, Nur-Sultan, Kazakhstan

Duysekova K.K., Doctor of Philology, Professor, Eurasian National
University named after L.N. Gumilyov, Nur-Sultan, Kazakhstan

Soldatenkova T., Doctor of Philology, Professor, Leuven Catholic
University, Leuven, Belgium

Krasnykh V.V., Doctor of Philology, Professor, Moscow State University
named after M.V. Lomonosov, Moscow, Russia

Karasik V.I., Doctor of Philology, Professor, of Volgograd State
Technical University, Russia

Anna Oldfield, PhD, Professor, Costol-Carolina, California, USA

Commissioning Editor

Amangozhaeva E.B., leading specialist of KazUIR & WL named after
Abylai khan, Almaty, Kazakhstan

Philology.bulletin@ablaikhan.kz

Mizamkhan B.M., Dadenov T.M. Digital Classification of Literary Translations, Reverse Translation and Pair Language Reversion.....	276-292
Мизамхан Б.М., Даденов Т.М. Әдеби аудармалардың цифрлік жіктелуі, кері аударма және жұптық тілдік реверсия	276-292
Мизамхан Б.М., Даденов Т.М. Цифровая классификация художественных переводов, реверсивный перевод и парная языковая реверсия	276-292

3 Бөлім. ШЕТ ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ

ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Раздел 3. НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ВОПРОСЫ ОБУЧЕНИЯ ИНОСТРАННЫМ ЯЗЫКАМ

Part 3. SCIENTIFIC AND PEDAGOGICAL ISSUES OF FOREIGN LANGUAGE TEACHING

Мурзатаева А.Т., Мәтбек Н.Қ. Сыни тұрғысынан ойлау әдісін әдебиет сабағында қолдану	293-305
Мурзатаева А.Т., Матбек Н.Қ. Использование метода критического мышления на уроках литературы	293-305
Murzatayeva A.T., Matbek N.K. Using of Critical Thinking Methods at the Lessons of Literature.....	293-305
Мустағалиева Г.С., Амангазиева М.К., Хайржанова А.Х. Тіл үйренудегі өз бетімен оқудың ерекшеліктері.....	305-318
Мустағалиева Г.С., Амангазиева М.К., Хайржанова А.Х. Особенности самостоятельного чтения при изучении языка	305-318
Mustagaliyeva G.S., Amangaziyeva M.K., Khairzhanova A.Kh. Features of Individual Reading in Language Learning	305-318
汉语名量词搭配规律及教学体系研究 梁焱 新疆大学 国际文化交流学院	318-328
Лян Янь. Қытай тіліндегі зат есімді мөлшер сөздердің тіркесім заңдылығы және оқыту жүйесін зерттеу	318-328
Лян Янь. Системное исследование правил использования и обучения китайским именным счетным словам.....	318-328
Seidikenova A.S., Malshy M.M. Causes of Foreign Language Anxiety in Online Education.....	329-337
Сейдикенова А.С., Малшы М.М. Онлайн шетел тілі сабақтарындағы қобалжудың пайда болу себептері.....	329-337
Сейдикенова А.С., Малшы М.М. Причины возникновения иноязыковой тревожности на онлайн уроках.....	329-337

3 Бөлім.
ШЕТ ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
МӘСЕЛЕЛЕРІ

Раздел 3.
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ВОПРОСЫ ОБУЧЕНИЯ
ИНОСТРАННЫМ ЯЗЫКАМ

Part 3.
SCIENTIFIC AND PEDAGOGICAL ISSUES OF FOREIGN
LANGUAGE TEACHING

ӘОЖ 378.16= 82.02/.09

XҒТАР14.35.09

DOI10.48371/PHILS.2022.66.3.021

СЫНИ ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ӘДІСІН ӘДЕБИЕТ
САБАҒЫНДА ҚОЛДАНУ

*Мурзатаева А.Т.¹, Мәтбек Н.Қ.²

¹PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан,

²ф.ғ.к., Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан,

*¹e-mail: aigera1983@mail.ru,

²e-mail: nursulu.m@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада сыни тұрғыдан ойлау технологиясын әдебиет сабағында қалайша ұтымды қолдануға болатындығы жайлы айтылады. Сыни тұрғыдан ойлау технологиясының түрлі әдістері, яғни «Миға шабуыл», «Инсерт», «Идея, түсінік, атаулар себеті», «Білемін – Білгім келеді – Білдім», «Болжам ағашы», «Үзіліспен оқу», «Қалың және жұқа сұрақтар» сынды тәсілдер қарастырылады. Мақаланың негізгі міндеті қазіргі кездегі заманауи технологиялардың ерекшелігі өсіп келе жатқан ұрпақты алуан қырынан дамыту екендігін көрсету. Еліміздің даму кезеңінде білім беру жүйесін технологияландыру бойынша мақсат көзделуде. Білім берудің көптеген технологиялары жасалып, білім беру орындарының тәжірибесіне енгізілуде. Білім алушыларға жаңа технологияларды игерту оқытушының кәсіптік, адамгершілік, азаматтық және де басқа да көптеген қасиеттерінің қалыптасуына септігін тигізеді.

Мақалада теориялық талдау, ақпаратты жинақтау әдістері қолданылады. Олардың тәжірибеде қолданылуы көрсетіледі. Мақаланың

маңыздылығы заманауи технологияларды пайдалану арқылы қазақ әдебиеті сабағын студенттерге қызықты әрі нәтижелі өткізуде, сондай-ақ еліміздің білім сапасын арттыру мақсатында осындай технологияларды қаншалықты ұтымды пайдалануға болатынын анықтау. Бұл мақала авторларының негізгі мақсаттарының бірі, білім беру жүйесінде, оқыту процесінде сыни тұрғыдан ойлау әдісін қолдану өскелең ұрпақтың жан-жақты жетілуіне, сапалы білім алуына, ұтқыр, шығармашыл болуын қамтамасыз ету әрбір ұстаздың басты міндеттерінің бірі болып табылатынын анықтау. Сондай ақ мақалада сыни тұрғыдан ойлау технологиясының әдіс-тәсілдерін қолдану сабақтың қызықты өтуіне септігін тигізіп, оның әшейін ойын мен сауыққа айналып кетуіне жол бермейтіндігі жайлы айтылады.

Қорыта келгенде, мақалада әдебиет сабағында сыни тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану өте тиімді екені анықталады, себебі ол білім алушыларды ынталандырып, шығармашылықпен айналысуға зор мүмкіндік береді.

Тірек сөздер: ойлау, әдіс, оқытушы, технология, сұрақ, университет, мектеп, білім алушы.

Негізгі ережелер

Болашақта дамыған елдер қатарында болу үшін бізге жан-жақты, қазіргі заман талабына сай білім мен біліктер қажет. Білім - еліміздің шоқтығын биікке көтеретін бірден бір құралдардың бірі болып саналады. Сол себепті қазіргі кездегі білім жүйесін жаңа технологиялармен дамыту қолға алынып келеді. Жаңа технологиялардың арқасында өскелең ұрпақтың білімін жоғарылату үрдісі сәтті болмақ. Еліміздің қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдына оқыту үрдісін технологияландыру мәселесін көтеріп отыр. Оқытудың алуан түрлі технологиялары жасалып, білім беру ордалары оларды пайдалануда. Жаңа технологияларды меңгерту арқылы оқытушы білім алушы бойында зияткерлік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа да көптеген қасиеттерінің жетілуіне оң әсерін тигізеді. Жаңа технологиялар тәжірибеде жақсы нәтижелер беріп жатыр деп үлкен сеніммен айта аламыз.

Кіріспе

Әдебиет сабағын жоғары оқу орындарының студенттеріне, мектеп оқушыларына болсын қызықты өткізу - әдебиет оқытушыларының басты мақсаттарының бірі деп білеміз. Себебі сабақтың оқушыларға, студенттерге түсінікті болуын қамтамасыз ету арқылы оларға оқу материалын толық меңгерту мүмкіндігіне ие боламыз. Осындай жақсы нәтижеге жету үшін әдебиет сабағында қазіргі кезде қолданылып жатқан әртүрлі заманауи әдіс-тәсілдерді қолдансақ болады. Сондай оңтайлы әдістердің бірі - сыни тұрғысынан ойлау әдісі.

Біз жаңа дәуірде өмір сүріп жатырмыз - информациялық технологиялар мен жоғары жетістіктер дәуірі. Осыған орай білімге деген жаңа әлеуметтік сұраныстар өсуде. Жаңа шындық мүлдем басқа прогрессивті мақсаттарды көздейді.

Қазіргі заманда оқушылар мен студенттерді танымдық іс-әрекетке қызықтыру қиын, себебі олар оқу материалын игеру бойынша қиындықтарға тап болады. Қиындық ақпаратты өздігінен іздеп өндегенде, ақпаратты ұйымдастырғанда пайда болады.

Оның себебі ойлаудың әсіресе сыни тұрғыдан ойлаудың жеткіліксіз деңгейде болуында. Ал бұл 21 ғасырға жаңа бет-бейнемен өтетін қазіргі заманғы адам үшін өте маңызды. Сыни тұрғыдан ойлау технологиясын сабақтарда қолдану Қазақстанның білім беру жүйесінде 2000 жылдардан бастап бастау алды, оның авторлары – американдық ғалымдар Ч. Темпл, К. Мередит, Д. Стилл. Ол Демократиялық педагогиканың консорциумы мен Халықаралық оқырмандар ассоциациясының көмегімен дамыды [1].

Материалдар мен әдістерді сипаттау

Сыни тұрғыдан ойлау әдіс-тәсілдерін пайдалану. Сыни тұрғысынан ойлау тәсілін әдебиет сабағында пайдаланған кезде ең сәтті болатын әдістер мыналар:

«Миға шабуыл» - бұл шығармашылық проблеманы топпен шешу болып табылады. Оның мақсаты оқушылар мен студенттердің ойлау жасампаздығын дамытып, олардың коммуникативті қасиеттерін жетілдіру болып табылады. Миға шабуыл әдісі сыни тұрғыдан ойлау технологиясында «қарсы келу» сатысында бар білімді қолдану мақсатында пайдаланылады.

4-5 адамнан тұратын топтармен өткізіледі. Бұл әдіс шығармашылық ойлауды ғана дамытып қоймайды, сонымен қатар сөйлеу мәнерін де жетілдіреді. Бұл әдісті сондай-ақ сөйлеу машықтарын дамыту үшін пайдаланады.

Бірінші кезеңде студенттерге берілген тақырып бойынша не білетінін және не ойлайтынын жазып, ол туралы ой қозғауды ұсынуға болады. Екінші кезеңде ақпарат алмасу болады. Бұл әдіс үшін келесідей жұмыс істеу формалары тиімді: жеке, жұптық және топтық. Оларды бірінен соң бірін өткізуге болады, алайды бұл формалардың әрқайсысы да қызметті ұйымдастырудың жеке бөлек тәсілі ретінде бола алады. Жұптық миға шабуыл студенттер мен оқушыларға үлкен аудитория алдында өз пікірлерін айтуға көмектеседі. Жолдасымен пікір таласу арқылы оқушы немесе студент бүкіл топпен қарым-қатынасты жеңіл жасайды. Әрине, жұптық жұмыс арқылы білім алушылардың көп бөлігі өз пікірлерін ортаға сала алады.

«Миға шабуыл» - шығармашылық белсенділікті таныту негізінде мәселелерді оңтайлы шешуге көмектесетін бірден бір әдіс. Осы «Миға

шабуыл» әдісін семинар сабақтарында, әсіресе сабақтың бас кезінде қолдануды тәжірибемізде жүзеге асырамыз, яғни білім алушыларға әртүрлі ойландыратын сұрақтар қою арқылы олардың ойлау қабілетін дамытып қана қоймай, сабақ барысында өтетін тақырыппен алдын ала таныстырамыз. Мұның барлығы да өтетін материалдарды жеті меңгеруге септігін тигізеді.

«Түйін сөздер» - бұл әдіс қарсы келу кезеңінде шығармашылық тұрғыда ойлап, сөйлеуге дағдыландырады. Бұл әдістің арқасында үй жұмысын да тез жасап, сөйлеу мәнерін де дамытып, сабаққа мақста қойып білім алушыларды сабақ барысына дайындау, а әбден болады.

«Кластер» «шоқым, түйін» болып аударылады.. Кластер – материалды графикалық тұрғыда ұйымдастыру тәсілі, ол қандай да бір тақырып жайлы толғанған кезде ойлау процестерін көрнекі қылуға көмектеседі.

Бірінші кезеңде тақтаның ортасына түйін сөз немесе сөз тіркесі жазылады, ол түпкі ойдың идеясы, тақырыбы іспеттес болып келеді.

Екінші кезеңде білім алушы берілген тақырып бойынша не білетіні жайлы жазады.

Үшінші кезеңде жүйелендіру жүзеге асады. Ретсіз жазбалар қандай да бір түсінік пен фактінің мазмұнына қарай топтарға біріктіріледі

Төртінші кезеңде пайда болған сөздер негізгі түсінікпен түзу сызық арқылы қосылады. Әр «серіктің» өз кезегінде «серіктері» пайда болып, жаңа логикалық байланыс жасалады. Соңында ойлауды графикалық тұрғыда көрсететін, берілген тақырыптың ақпараттық өрісін анықтайтын құрылым жасалады. Кластерлермен жұмыс істеген кезде төмендегідей ережелерді сақтаған абзал:

1. Ойға келгеннің барлығын жазудан қорықпау. Елес пен интуицияға бой берген дұрыс.

2. Уақыт бітіп, идея таусылғанша дейін жұмыс істеу.

3. Барынша мол байланыс жасауға тырысу. Алдын ала белгіленген жоспармен жұмыс істемеу.

Кластер сабақтың ең бастапқы кезеңдерінде қолданылуы мүмкін. Қарсы келу кезеңінде - ойлау қабілетін дамыту үшін. Мән беру кезеңінде оқу материалын құрылымдау үшін. Рефлексия кезеңінде, яғни білім алушылар үйренгенді қорытындылау барысында. Бұл әдіс сонымен қатар үйде жеке жұмыс атқарған уақытта пайдалануға да ұсынылады.

«Идея, түсінік, атаулар себеті».

Әрбір білім алушы дәптерге кез келген мәселе (1-2 минут) бойынша барлығын еске түсіріп, жазады, содан кейін бұл мәселені жұппен талқылап (2-3 минут), ары қарай барлық білім рет-ретімен «себетке» салынады, дұрысы да, дұрыс емесі де кіреді.

Әдіс білім алушылардың бұрын игерген білімдерін белсенді пайдалануға мүмкіндік туғызады.

«Білемін – Білгім келеді – Білдім». Бұл әдістің мақсаты - білім

алушылардың ойлау қабілеттерін дамыту, оқитын тақырып бойынша өз ойларының болуы. Білім алушылар осы кестенің көмегімен берілген тақырып бойынша білімдерін жинап, мәліметтерді негіздеп, жүйелейді. Әрбір бағанаға ақпаратты енгізу қажет. Бұл ақпаратты қабылдауға көмектесіп, рефлексияны жетілдіреді. «Білемін» кезеңі жұппен жұмыс істеуді меңзейді: сабақ тақырыбы бойынша мен не білемін, «Білгім келеді» - мақсатты қалыптастыру; «білдім» - ескі және жаңа ақпараттың қатынасы.

«Болжам ағашы» - бұл әдіс дәйектер келтіруді дамытуға жақсы, яғни өз болжамдарын негіздеп, ерекше ойлау қасиеттерін жетілдіру үшін, ешуақытта болмайтын жағдайдан ақиқат жағдайды айыра алу үшін қолданылады.

«Ағаш діңі» - бұл тақырып, «жапырақтары» - болжамдар, «бұтақтары» - дәйектер.

Болжам ағашын құрастыру ережелері:

Бірінші кезеңде білім алушыларға қандай да бір тақырып бойынша ұйғарым жасауды ұсынуға болады.

Екінші кезеңде білім алушылар идеялары мен ұйғарымдарын айтады, барлық нұсқалар тақтаға жазылады.

Егер де қарама-қайшы пікірлер туындаса, оларды да тақтаға жазып, балама идеялар айтылады.

Тақтада білім алушылардың ұйғарымдары жазылады, ондағы ағаш діңі - тақырып, бұтақтары - ұйғарымдары, жапырақтары - осы ұсыныстардың негіздемелері, яғни қандай да бір ой бойынша дәйектер.

Болжам ағашы кластерге ұқсас келеді. Үшінші кезеңде жаңа тақырыппен танысқаннан кейін «болжам ағашына» қайта оралып, ұйғарымдардың орындалған орындалмағанын тексеруге болады.

«Сіз сенесіз бе?.....». Сабақ басында жаңа тақырып бойынша тұжырымдар ұсынылады, оларды дұрыс немесе бұрыс деп бағалау қажет.

Негізгі ақпаратпен танысқан соң берілген тұжырымдамаға қайта оралып, сабақтағы ақпаратты қолдана отырып білім алушылардан олардың деректілігін бағалауды ұсыну қажет.

«Инсерт» - тиімді оқу мен ойлауға арналған интерактивті жазу жүйесі. Әдіс бірнеше кезеңдерден тұрады.

Бірінші кезеңде мәтінді белгілеу жүйесін ұсынуға болады, ол ақпаратты төмендегідей бөлу үшін қажет:

Яғни білім алушыларға бұрыннан мәлім ақпаратқа V канат белгісін қою.

- «минус» белгісімен олар білмейтін немесе білімдерін қайшы келетін ақпаратты белгілеу;

+ «плюс» белгісімен олар үшін қызық әрі тосын ақпарат белгіленеді;

? «сұрау белгісі» егер де бірнәрсе беймәлім болса, немесе ол туралы көбірек білгісі келген жағдайда қойылады.

Екінші кезеңде білім алушы мәтінді оқып, жеке абзац пен сөйлемдерді сәйкес белгімен белгілейді.

Үшінші кезеңде ақпаратты кес теге өз белгілерімен бірге орналастырып, жүйелейді.

Төртінші кезеңде - кестенің әрбір бағанасын рет ретімен талқылайды.

Аналитикалық ойлауды дамыту материалды түсінгенін бақылайтын тәсіл болып табылады. Ол биография бойынша мақала, көркем мәтін болуы мүмкін.

Осы «Инсерт» әдісін сабағымызда қолданған кездегі ең жағымды жақтарының бірі - білім алушылардың өзара бірлесіп, топта біріге жұмыс істеуі болып табылады. Яғни екі топқа бөлу арқылы, бүкіл білім алушылардың сабақ барысына белсене қатысып, өз пікірлерін білдіргенін байқадық. Сондай-ақ олар білгендерін анықтап, білмегендерін сұрауға әзірленеді. Нәтижесінде жаңаны түсіну үшін бұрынғы білімі мен жаңа материалды байланыстыруды үйренді.

«Үзіліспен оқу» - әртүрлі сұрақтарды қолдану арқылы оқуды ұйымдастыру әдісі. Оқитын мәтін ұсынылады. Оны мағыналық бөліктерге бөледі. Мәтіннің ішінде үзіліс жасайтын жері белгіленеді: «бірінші үзіліс», «екінші үзіліс». Оқытушы мәтінмен жұмыс жасау үшін алдын ала сұрақтар мен тапсырмалар дайындайды, ол білім алушылардың әртүрлі ойлау біліктерін дамытуға бағытталған. Мәселен:

- Кейіпкерлердің аты-жөнін немен ұқсастырасыз?

- Бұл бөлімді оқыған кезде қандай сезімде болдыңыз? қандай сезімдер пайда болды?

- Күткен нәтиже орындалды ма? Сізге не тосын болды?

- Әңгіме немен аяқталады деп ойлайсыз? Оны қалай аяқтар едіңіз?

- Шығарма неге дәл осылай аталады?

- Осылай аталатын әңгімеде қандай оқиғалар болуы мүмкін?

«Үзіліспен оқу» әдісін білім алушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында, мән беріп оқу үшін қолдануға болады.

«Қалың және жұқа сұрақтар»

Бұл әдісті қолдану барысында білім алушылар сұрақ қоюды үйренеді. Білім алушы қойған сұрақ оның білімін анықтауға, мәтінге терең бойлау деңгейін білуге көмектеседі.

Нәтижелер

Сыни тұрғыдан ойлау технологиясының әдіс-тәсілдерін қолдану сабақтың қызықты өтуіне септігін тигізіп, оның әшейін ойын мен сауыққа айналып кетуіне жол бермейді. Сыни тұрғыдан ойлау - ол адамға ойлану үшін арналған және де идея, ақпаратпен өзара әрекеттесудің табиғи түрі. Біз әрдайым ақпарат таңдауда қиындыққа тап боламыз. Ақпаратты таңдап қана қоймай, оны сонымен қатар сыни

тұрғыдан бағалап, оған мән рiп, оны пайдалану қажет. Жаңа ақпаратқа кез болған кезде оқушылар мен студенттер оны әртүрлі көзқарас тұрғысынан бағалап, дәлдігі мен құндылығына сыни тұрғыдан баға бере алуы қажет.

Сыни тұрғысынан ойлау арқылы білім беру үрдісі мынадай біліктерді жетілдіруге көмектеседі:

Танымдылық білдіру;

Зерттеу тәсілдерін қолдану;

Алдына проблемалық сұрақтарды қою;

Жауаптарды жоспарлы түрде іздеу

Фактылардың себеп-салдарын анықтау;

Жалпыға бірдей ақиқатқа күмәндану;

Көзқарас қалыптастырып, оны логикалық тұрғыда айшықтау.

Қарсыластың аргументтеріне аса назар аударып, социумға жақсы бейімделу үшін оларға логикалық тұрғыда мән беру [2].

Талқылау

Чи-Ан Тунг пен Шу-Инг Чанг өздерінің «Әдебиетті оқыту арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» атты мақаласында колледж білім алушыларының сыни ойлау дағдыларын және сыни тұрғыдан ойлауға бейімділігін дамыту ондаған жылдар бойы жоғары оқу орындарында басты мақсат болып табылатындығын айтады. Және де білім алушылардың тез өзгеретін жұмыс орнында жұмысқа қабілеттілігін арттыру үшін осы мақсатты жүзеге асыру өзекті бола бастағанына баса назар аударады. Яғни әдеби оқу арқылы сыни ойлауды дамытудың тиімділігін зерттеді. Олардың пайымдауынша, курс дизайнына бірнеше стратегиялар енгізілген: оқуды түсіну поп викториналары, оқу журналы, топтық презентациялар, Сократтық сұрақ қою дағдыларымен жетекшілік ететін сыныпта талқылау және жеке эссе-сұрақ есептері. Білім алушылар алдын ала және кейінгі тестілеуден (Калифорния сыни ойлау дағдылары бойынша тест) және өзін-өзі бағалау сауалнамасын тапсырып, содан кейін мұғаліммен жеке сұхбатты жоспарлағанын айтады. Соңында, бірнеше нәтижелерді анықтайды: 1) әдебиеттік оқу алдын ала тестілеуде төмен ұпай жинағандарға жалпы сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін, әсіресе талдаудағыларды жақсартуға көмектесті; 2) білім алушылардың ағылшын тілін білуі олардың алдын ала және кейінгі тестілеудегі көрсеткіштеріне қатысты болмаса; 3) кейбір білім алушылар сыни тұрғыдан ойлауға бұрынғыдан да көбірек бейімділік танытуға бейім болды, бірақ бұл осы бағыттағы тиімділікті бағалау үшін стандартталған өлшеммен кейінгі бойлық зерттеуді қажет етеді; 4) Сыни тұрғыдан ойлауды дамытуда білім алушылар басқаратын басқа іс-әрекеттерге қарағанда, сабақта жетекшілік ететін талқылауды тиімді деп тапты [3]. Сыни тұрғыдан ойлау технологиясын әртүрлі сабақтарда қолдануға болады. Ғалым Лулус Иравати сыни тұрғыдан ойлауды білім

алушылардың осы ағылшын тілінде тілді меңгеру табысына ықпал ететін маңызды субстанция ретінде қарастырады. Тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу сияқты ағылшын тіліндегі кейбір дағдыларға білім алушылар сыни тұрғыдан келгенде сәтті қол жеткізуге болатынын айта келе, сыни тұрғыдан ойлау оларға бәрін еркін жеткізуге мүмкіндік беретініне назар аударады. Өкінішке орай, сыни тұрғыдан ойлауды қолдану көргендей қарапайым емес. Білім алушыларды сыни тұрғыдан ынталандыру үшін жүйелі және дәйекті процесс жүргізілуі керек. Осылайша, сыни ойшыл болу үшін табысқа жету үшін кейбір тәсілдер, әдістер, әдістер немесе ақпарат құралдары қолданылуы керек [4]. Сыни тұрғысынан ойлау әдістері сабақты қызықты, бір-біріне ұқсамайтын әртүрлі етіп өткізуге септігін тигізеді, ал білім алушының қызметін тиімді әрі қанағат әкелетіндей қылады. А.А. Нұрмұханбетова мен Б.Қ.Исабаева сыни тұрғысынан ойлау тақырыбының қазіргі таңда маңызды екенін айта келе, білім алушыларға қандай да бір жағдай немесе құбылысқа байланысты дұрыс сұрақ қоя білуді және қызықтыратын сұрақтарға дұрыс жауапты қалай табу керек екенін үйрету оқытушылардың көкейкесті мәселесі екендігін айтып кетеді [5].

Ал енді шетелдік әдебиетке назар аударатын болсақ, Клэр Нукуйдың «Сыни тұрғыдан ойлау: Университеттің негізгі оқу курсы бойынша оқулық» атты еңбегі университеттер мен колледждерде білім алушылардың оқуда табысқа жетуіне септігін тигізетін, негізгі дағдыларды дамыту үшін әзірленген икемді оқу ресурстарының бірі болып табылады. Бірқатар тапсырмалар академиялық пәндердің кең спектріне сәйкес келетін және тексерілген оқыту құралын ұсынады. Көмекші жаттығулар жинағы теорияны практикамен байланыстырады және білім алушыларға академиялық әлемде де, одан тыс жерлерде де әртүрлі контексте қолдануға болатын дағдылар жүйесін дамытуға арналған құралдарды ұсынады. Рединг университетіндегі халықаралық қор бағдарламасының профессорлық-оқытушылық құрамының мүшелері құрған TASK университеттің барлық деңгейдегі жергілікті және шетелдік студенттерге арналған Үздіксіз білім беру бағдарламасының бөлігі болып табылады. Негізгі ерекшеліктері - білім алушыларды бағалау негіздерімен таныстырады - оларға дәлелді дәйектерді қалай құруға болатынын үйретеді, және де теріс ойлауды қалай тануға үйретеді, материалдарды таңдау және ұсыну туралы маңызды мәселелерді қарастырады [6].

Тағы бір автор Майкл Бейкердің «Сыни тұрғыдан ойлаудың негіздері» атты еңбегінде әр білім алушы білуі керек сыни ойлаудың маңызды тұжырымдамалары жайлы айтылады. Көптеген оқулықтар сыни ойлау дағдыларын үйретеді немесе дамытады деп мәлімдейді, бірақ бұл зерттеулердің көпшілігінде сыни ойлау түбегейлі анықталмайды. Бұл кітап білім алушыларға сыни тұрғыдан ойлауды жетік әрі оңай түрде баяндап, түсіндіреді. Еңбек сыни ойлау курсы болғандықтан, осы кітапта

берілген тапсырмаларды барлық пәндер бойынша сабақтарда қолдануға болады. Бұл кітапта дәлелдеудің жалпы формалары қарастырылғанмен, оның негізгі бағыты дәлелдемелерді анықтау және бағалау болып табылады [7].

Ирина Муштавинскаяның «Сабақ барысында және мұғалімді даярлаудағы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясы» атты кітабында автор сыни ойлауды дамытудың заманауи педагогикалық технологиясын сипаттайды. Бұл білім беру технологиясының мақсаты - оқушылардың тек оқуда ғана емес, қарапайым өмірде де қажет зияткерлік дағдыларын дамыту: салмақты шешімдер қабылдау, ақпаратпен жұмыс істеу, құбылыстардың әртүрлі жақтарын талдау және т. б. қарастырады. Бұл оқу құралының басты міндеттерінің бірі ретінде - оқырмандарға осы технология туралы айту, оқытудың жаңа түрін қалыптастыру тұрғысынан оның әлеуетін ашуды айтуға болады [8].

«Федералдық мемлекеттік білім беру стандарты жағдайындағы негізгі мектептің заманауи педагогикалық технологиялары» атты еңбекте авторлар негізгі жалпы білім берудің Федералдық мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес білім беру нәтижелеріне қол жеткізу үшін мұғалімге сабақтар мен сабақтарды жобалауға мүмкіндік беретін жетекші технологиялардың сипаттамасын қамтиды, соның ішінде сыни тұрғыдан оқыту технологиясының стратегияларымен таныстырады. Бұл оқу құралының ерекшелігі – онда алғаш рет әмбебап оқу іс-әрекеті форматындағы технология мен жаңа білім беру нәтижелерінің байланысы сипатталған [9].

Қорытынды

Сыни тұрғысынан ойлау әдістері білім алушылардың сөйлеу мәнерін жоғарылатып, талқылауға қатысып, өз көзқарастарын оңай айтқызуға бағытталған.

Сыни тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану арқылы оқытушылар білім алушылардың сөйлеу қызметін жетілдіріп, олардың сөздік қорының молаюына септігін тигізеді. Сыни тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану жақсы нәтиже береді. Көптеген білім алушылар мәтінді қызығушылықпен оқиды. Олар өз қызметтерін нақты жоспарлап, мақсат қойып, нәтижелеріне анализ жасауды үйренеді.

Әдебиет сабағында сыни тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану өте тиімді, себебі ол білім алушыларды ынталандырып, шығармашылықпен айналысуға зор мүмкіндік береді, сабақ беру процесі жоғары деңгейде болып, білім алушылардың шығармашылыққа деген мүмкіндіктері артады. Материал толық игеріледі, себебі білім алушылар оны өздігінен іздену арқылы табады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Заир-Бек С.И., Муштавинская И.В. Развитие критического

мышления на уроке // С.И Заир-Бек, И.В. Муштавинская. – М.: Просвещение, 2004. –С. 175.

[2] Муштавинская И.В. Технология развития критического мышления на уроке и в системе подготовки учителя // учеб. метод. пособие. И.В. Муштавинская. – СПб.: КАРО, 2009. – С.15

[3] Chi-An Tung, Shu-Ying Chang. Developing Critical Thinking through Literature Reading // Feng Chia Journal of Humanities and Social Sciences. PP.287-317. No.19. Dec. 2009

[4] Lulus Irawati Critical Thinking in ELT: Theory and Practice // English Teaching Journal: A Journal of English Literature, Language and Education. Vol 2, No 1 (2014). DOI: <http://doi.org/10.25273/etj.v2i1.721>

[5] Нурмуханбетова А.А, Исабаева Б.К. О критическом мышлении // Вестник КазНУ. Серия филологическая. –Том 155. –№ 3. –2016. ISSN 2618-0782.

[6] Clare Nukui Critical Thinking: University Foundation Study Course Book: Module 6: Critical Thinking (Transferable Academic Skills Kit (TASK)) Paperback – Student Edition, 22 Dec. 2006. ISBN-10 :†1859649203

[7] Michael Baker. The Basics of Critical Thinking Workbook - Lessons and Activities (Grades 4-9) Paperback – January 1, 2015. ISBN-10† :†1601445075.

[8] Муштавинская И.В. Технология развития критического мышления на уроке и в системе подготовки учителя. Уч.-мет. п. ФГОС. Каро. –2017. – С. 144.

[9] Даутова О.Б. и др. Современные педагогические технологии основной школы в условиях ФГОС.— Санкт-Петербург : КАРО, 2019. — С.176.

REFERENCES

[1] Zair-Bek S.I., Mushtavinskaja I.V. Razvitie kriticheskogo myshlenija na uroke. (The development of critical thinking during lessons) // S.I Zair-Bek, I.V. Mushtavinskaja M., Prosveshhenie, 2004. P. 175[in Rus.]

[2] Mushtavinskaja I.V. Tehnologija razvitija kriticheskogo myshlenija na uroke i v sisteme podgotovki uchitelja // ucheb. metod. posobie I.V. Mushtavinskaja (Technology for the development of critical thinking during lessons and in the system of teacher training. Handbook of I.V. Mushtavinskaya). SPb., KARO, 2009. P. 15. [in Rus.]

[3] Chi-An Tung, Shu-Ying Chang. Developing Critical Thinking through Literature Reading // Feng Chia Journal of Humanities and Social Sciences. pp.287-317, No.19, Dec. 2009

[4] Lulus Irawati Critical Thinking in ELT: Theory and Practice // English Teaching Journal: A Journal of English Literature, Language and Education Vol 2, No 1 (2014) DOI: <http://doi.org/10.25273/etj.v2i1.721>

[5] Nurmuhambetova A.A, Isabaeva B.K. O kriticheskom myshlenii (About critical thinking) // Vestnik KazNU. Serija filologicheskaja. Tom 155.

№ 3. 2016. ISSN 2618-0782. [in Rus.]

[6] Clare Nukui Critical Thinking: University Foundation Study Course Book: Module 6: Critical Thinking (Transferable Academic Skills Kit (TASK)) Paperback – Student Edition, 22 Dec. 2006. ISBN-10: ↑1859649203.

[7] Michael Baker. The Basics of Critical Thinking Workbook - Lessons and Activities (Grades 4-9) Paperback – January 1, 2015. ISBN-10: ↑1601445075.

[8] Mushtavinskaja I.V. Tehnologija razvitija kriticheskogo myshlenija na uroke i v sisteme podgotovki uchitelja. Uch.-met. p. FGOS. (Technology for the development of critical thinking during lessons and in the system of teacher training. Handbook) Karo. 2017. P. 144. [in Rus.]

[9] Dautova O.B. i dr. Sovremennye pedagogicheskie tehnologii osnovnoj shkoly v uslovijah FGOS. Sankt-Peterburg. KARO, 2019. P.176. [in Rus.]

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МЕТОДА КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ НА УРОКАХ ЛИТЕРАТУРЫ

* Мурзатаева А.Т.¹, Матбек Н.К.²

¹PhD докторант, Казахский Национальный университет
имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан,

²к.ф.н., Казахский Национальный университет
имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан,

*¹e-mail: aigera1983@mail.ru,

² e-mail: nursulu.m@mail.ru

Аннотация. В статье рассматривается, как эффективно использовать технологию критического мышления на уроках литературы. Рассматриваются различные методы технологии критического мышления, такие как: «Мозговой штурм», «Вставка», «Корзина идей, понятий, имен», «Знаю — хочу знать — умею», «Дерево предсказаний», «Чтение с паузами», «Толстые и тонкие вопросы». Основная задача статьи – показать то, что особенность современных технологий заключается в многогранном развитии подрастающего поколения. На этапе развития страны ставится цель технологизировать систему образования. Многие образовательные технологии разрабатываются и внедряются в практику образовательных учреждений. Освоение новых технологий студентами способствует формированию профессиональных, нравственных, гражданских и многих других качеств педагога.

В статье используются методы теоретического анализа, сбора информации. Показано практическое применение технологии критического мышления. Важность статьи заключается в том, чтобы предложить для уроков казахской литературы интересные и эффективные современные технологии обучения, а также определить, насколько